

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жандандырудағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары

Аннотация. Қоғамда күн санап өсіп келе жатқан күрделі әлеуметтік сұраныстар мен жаңа жаһандық сын-қатерлер жағдайында, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуда басты саясат азаматтық қоғам белсенділерін мемлекеттік басқаруға көптеп тарту болып отыр. Өйткені онсыз, яғни қоғамдық бақылаудың қазіргі жаңа тетіктерін қолдамайынша, шешімдер қабылдауда және мемлекеттің атқарылымдық функцияларды жетілдіруде тиімді механизмдер қалыптастыра алмаймыз. Бұл кез келген мемлекеттің дамуында маңызды мәселе, әрі шешілуі жылдам болуы тиіс іс шара.

Осы себепті мақаланың мақсаты «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жандандыру, өйткені бұл үдеріс ұлттық саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын және ұсынымдарын тұжырымдауға оң ықпал етеді.

Зерттеудің жаңалығы ретінде ерекше назар қазіргі азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты нығайтуға бағытталды. Демек, қоғамда мемлекет пен азаматтардың әріптестігінің қазіргі тенденциялары мен заңдылықтарын зерделеп талдауға зор мән беріліп отыр.

Зерттеу әдістері ретінде «Ашық үкімет» порталы мен «Президенттің Виртуалды қабылдау бөліміне» түскен мәліметтерді пайдалана отырып, деректерді өңдеудің статистикалық әдісі мен талдау жасалды. Сонымен қатар салыстырылмалы зерттеу жүргізіліп, экономикаға динамикалық сараптама жасалды.

Сонымен қатар, әлемдік тәжірибені талдай отырып, негізгі құндылық ретінде мемлекеттік институттар мен азаматтар әріптестігінің тиімді тетігі ретінде «Азаматтық қазылар алқасы» моделін тиімді пайдалану ұсынылды.

Түйін сөздер: ашық үкімет, азаматтық қазылар алқасы, халық үніне құлақ асатын мемлекет, сындарлы диалог, стратегиялық жоспарлау, демократиялық мемлекет, саяси белсенділікті арттыру.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-1-185-200>

Кіріспе

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2-ші қыркүйектегі, Қазақстан халқына жолдауында үкімет пен халық арасындағы сындарлы диалогты жолға қоюдың маңыздылығын атап көрсетті. «Біздің ортақ міндетіміз - халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын енгізу және азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектеріне жедел әрі тиімді жауап қату. Билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог орнату арқылы ғана, қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет құруға болады» деді [1].

Зерттеудің өзектілігі, қазіргі қоғам үшін азаматтар мен мемлекет арасындағы кері байланыстың маңыздылығы зор екендігінде. Демек мемлекет пен азаматтардың өзара түсіністікті іс-қимылының қазіргі тенденциялары мен заңдылықтарын талдаудың маңыздылығы зор.

2019 жылғы 15 шілдедегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Азаматтардың сын-ескерпелері мен сындарлы ұсыныстарына тез жауап бере отырып, біз халықтың сенімін ақтауға тиіспіз» деді [2].

Дамыған елдерде мемлекеттік басқаруды жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі басқару

құрылымы мен оның тетіктерін тиімді пайдалану. Яғни азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделерін қамтамасыз етуге, олардың дұрыс ақпаратты үнемі алып отыруына мемлекеттік органдар мүдделі. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы белсенді әрі өзара түсіністікті іс-қимылға бағытталған басқару жүйесіне жаңа әрі тиімді әдістерді енгізу, оны үнемі жаңғыртып отыру міндетті болып саналады.

Қазақстанда арнайы ұйымдастырылған «Ашық үкімет» порталы азаматтардың талаптарына тез жауап беру мен байланысты нығайту, әрі сындарлы диалог жүргізу үшін құрылған. Порталдың негізгі мақсаты азаматтарды елдің гүлденіп көркейген күшті демократиялық мемлекет болуы үшін, мемлекеттің маңызды қоғамдық шешімдер қабылдау процесіне қатысып, үнемі белсенділік танытып отыру үшін ұйымдастырылаған болатын.

Десекте әлі де болса бұл жүйені алға қарап жылжытып, орнықты қалптастыру қиынға соғып отыр. Бұл өз кезегінде «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» көшу ағымын тежеуде. Мемлекеттік басқару институттары жұмыстарының күрделене түсуіне байланысты, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін төмендетуде. Бұл өз кезегінде шешім қабылдау процесіне халықтың қатысуына кері әсер етуде.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекетті» қалыптастырудағы негізгі мақсаты – мемлекеттің ұлттық саясат парадигмасын іс жүзінде жүзеге асыруға азаматтарды жұмылдыру.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттер шешілуі тиіс:

- Мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара түсіністікті ахуалды қалыптастыру;
- Халық үніне құлақ асатын мемлекетті қалыптастыру жөніндегі ұлттық саясаттың негізгі бағыттарын қайталап тұжырымдау;
- Мемлекеттік шешімдер қабылдауға жұртшылықты тартудың шетелдік озық тәжірибелерін енгізудің жаңа амалдарын қарастыру.

Зерттеу әдістері ретінде «Ашық үкімет» порталы мен «Президенттің Виртуалды қабылдау бөліміне» түскен мәліметтерді пайдалана отырып, деректерді өңдеудің статистикалық әдісі мен талдау жасалды. Сонымен қатар салыстырылмалы зерттеу жүргізіп, экономикаға динамикалық сараптама жасалды.

Талдаудың нәтижесінде мемлекеттік институттар мен азаматтардың коммуникациясының тиімді тетігі ретінде халықаралық тәжірибені ескере отырып, «Азаматтық қазылар алқасы» моделі ұсынылды.

Әдебиеттерге шолу

Ағылшын экономисттері Д.Локк, С.Л.Монтескье, Т.Гоббс, А.Фергюсон, Д.Ж. Руссоның «Азаматтық қоғамның қалыптасуы» тақырыбындағы зерттеулерінде «Мемлекет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беріп, меншік пен мүдделерін қорғауы тиіс. Бұл мемлекет пен азаматтық қоғам мүшелері арасында жасалған қоғамдық келісімнің нәтижесі» деген парадигмалық тұжырымды басшылыққа алды. Бұл азаматтық қоғам құру тетіктерінің дамуы, әлеуметтік және саяси салалардағы ұзақ мерзімді үздіксіз ілгерілеудің эволюциялық нәтижесі екендігін тұжырымдады [3].

Американдық саясаттанушы С. Хантингтон өзінің «Демократияландыру толқыны» атты еңбегінде былай дейді «Біз белгілі бір уақыт аралығында демократиялық емес режимнен, демократиялық режимге ауысатын транзиттер жиынтығына ие болып отырмыз. Мұндай транзиттердің саны уақыт өте келе өсе береді, яғни бұрынғы кезеңдегі кері транзиттердің санынан едәуір асып түседі де, жаңа толқындар пайда бола береді» деп жазған [4].

Британдық саясаттанушы Б. Барбердің «Қуатты демократияның моделі», К.Пейтманның «Демократияға белсене қатысу», П.Бахрах, К.Макферсон және Дж.Циммерманның «Партиципативті демократия» (ағылшынша participate - қатысу) деген еңбектері зерттеуімізге жол ашып берді. Олар әлеуметтік теңдікті, партиципативті демократияның маңызды шарттарының бірі деп санайды,

мұнда әркім өз көзқарасын білдіруге және оның өміріне әсер ететін барлық салаларға тікелей қатысуға құқылы екендігін нақтылап бере алды [5].

Польшалық саясаткер С. Ревякиннің мақаласы «Азаматтардың стратегиялық жоспарлау процесіне қатысу механизмін» зерттеуге арналған. Бұл мақалада мемлекеттік іске қоғамның қатысуының негізгі мақсаттары қарастырылып, қатысудың үш моделін ұсынған. Олар имитациялық модель, символдық қатысу моделі және азаматтардың нақты әсер ету моделі. «Егер нақты әсер ету моделі тиімді таңдалатын болса, азаматтар мемлекеттен үкiлеттiлiк функцияларын алады және мемлекет ұсынған барлық жобаларға қатысуға құқылы» деп көрсетті [6].

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінде соңғы жылдары «Қоғамның ұлттық саяси өмірге қатысуы» тақырыбы маңызды зерттеу объектісіне айналуда.


Қазақстан Республикасының коммуникациялық саясатын іске асыру проблемалары сөз етілуде. Бұл ретте Ж. К. Медеуовтың жұмысын атап өтуге тұрарлық. Ол өз мақаласында мемлекеттік саясатты жаңғырту жағдайындағы Қазақстанның валюталық саясатын қарастырған, ұлттық саясат мәселелері бойынша қоғамдық пікірді талдаған, сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік-саяси реформаларға реакцияларын зерделеген. Азаматтардың шешім қабылдауға (мемлекеттік, жеке, қоғамдық) немесе қабылданған шешімдерді түзетуге қатысуының әртүрлі деңгейін ұсынды [7].

Ж.Әйтенованың «Жергілікті деңгейде шешім қабылдауға қоғамның қатысуы» атты зерттеуінде қоғамдық кеңестердің рөлі, олардың функциялары, сондай-ақ қоғамның мемлекеттік істерге қатысуының құндылықтары, принциптері мен әдістері егжей-тегжейлі қарастырылған [8].

Ж. Бакатова өз жұмысында жұртшылықтың мемлекеттің маңызды мәселелерін шешуге қатысуын қарастырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына «Жұртшылықтың қатысуы» мәртебесін бекітудің жетіспейтіндігін, яғни барлық бастамалар толығымен ұсынымдық сипатқа ие болып отырғандығын атап өтті. Нәтижесінде, шешімдерді әзірлеу және қабылдау мемлекеттік мекемелердің өкілдеріне жүктеліп отыр және Қазақстанда қоғамдық қатысу институттары әлі күнге дейін тиісті түрде қалыптаспаған, бұл көбінесе заңнаманың жетілмегендігімен, азаматтардың немқұрайлылығы және пассивтілігіне байланысты екенін айтты [9].

Е.Оспан өзінің зерттеулерінде, азаматтардың мемлекеттің шешім қабылдау процесіне қатысуына негізделген зерттеулерінде, азаматтардың саяси наразылықтарына сындарлы жауап бере алатын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының тиімді құрал екендігін атап көрсетті. Автор азаматтардың мемлекеттік саясат мәселелеріне саналы түрде қатысуы, азаматтардың мінез-құлқының өзгеруіне әкелуі мүмкін екенін негіздеп берді. Дегенменде азаматтар қандай жағдай болмасын шешім қабылдауға қатысуға құқылы, бұл саясаттың тиімді қалыптасуына ықпал ететіндігін сипаттап берді [10].

«Халықтың мемлекеттік басқару саясатына белсенді қатысуын ынталандыру жөніндегі халықаралық қауымдастық» азаматтардың мемлекеттің маңызды шешім қабылдау процесіне қатысуын дамыту үшін төмендегідей тиімді мүмкіндіктер ұсынды (Сурет 1).



Сурет 1- Азаматтардың мемлекеттің маңызды шешім қабылдау процесіне қатысуын дамыту үшін тиімді мүмкіндіктер процесі [11].

Қазақстанда белсенді азаматтық қоғам қалыптастыру мен мемлекеттік шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуын жетілдіру үшін жүргізілген түрлі ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жеткіліксіз. Сонымен қатар, мемлекеттің белгілі бір функцияларын санкциялаудың, шешімдерді іске асырудың нақты кезеңдерін тұжырымдау мен мониторингтеудің, сондай-ақ шешім қабылдау кезінде азаматтардың барлық жиналған пікірлерін есепке алуды қамтамасыз етудің нақты тетігі жоқ. Партиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының халық пен мемлекеттік институттар арасындағы байланыстырушы буын ретіндегі рөлі төмен.

Қазақстандағы азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимылын зерттеудегі жоғарыда аталған олқылықтарын толтыру өзекті ғылыми проблема болып саналады және осы зерттеу оны шешуге мұрындық бола алады.

Белгілі бір нақты саяси механизмдердің арқасында, дамыған демократиялық мемлекет болуымызға мүмкіндігіміз бар. Бұның өзіндік шарттары орындалуы керек, ол ең алдымен кез-келген шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратқа қол жетімділік, халықтың құқықтық білім деңгейін көтеру мен бағдарламалық қамтамасыз етілуі, мемлекеттік істердің ашықтығы мен айқындығы, мемлекеттік тұрғыда органдардың есеп беру принциптерін сақтауы, сайлау жүйесінің ашықтығы және тең дауыс беру құқығы, жастардың саяси өмірге қатысу белсенділігі, қолдау мен көтермелеу шаралары және кез-келген саяси партияны таңдау құқығын беру болып табылады.

Зерттеу әдістері

Мақалада зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері қолданылды: талдау және салыстыру амалдары.

Бұл әдістер жан-жақты зертеу жүргізу үшін мемлекеттік мекемелер (орталық және жергілікті деңгейлерде) мен азаматтар арасындағы өзара түсіністікті іс-қимылдың тиімді моделін таңдауға және фактілер мен негізгі принциптерді егжей-тегжейлі талдауға, мәселелерді нақты анықтауға және негіздемелерге қорытынды жасауға көмектесті.

Сандық әдістерді қолдану арқылы «Ашық үкімет» порталындағы «Ашық диалог» «Ашық НҚА», «Ұлттық іс-қимыл жоспары» және «Президенттің Виртуалды қабылдау бөліміне» түскен ашық, қолжетімді жарияланған деректер негізінде өңдеудің статистикалық әдісі мен талдау жасалды. Экономикадағы өзгерістердің уақыттық қатар динамикасы талданды. Яғни белгілі жылдар арасындағы азаматтардың порталдардағы ақпараттарға берген кері байланыстары ретіндегі әртүрлі түсініктемелері мен сауалдарының саны бойынша талдама жасалды.

Осы әдістердің негізінде авторлар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының дамуына салыстырмалы зерттеу жүргізді.

Сонымен қатар, әлемдік тәжірибелерді талдай отырып, негізгі құндылық ретінде мемлекеттік институттар мен азаматтар әріптестігінің тиімді тетігі ретінде «Азаматтық қазылар алқасы» моделін пайдалануды ұсынады.

Азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау процестеріне қатысуы бойынша ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің қолданып келе жатқан тиімді тәжірибесіне шолу жасалды. Бұл зерттеу әр түрлі модельдерді салыстыру арқылы жүргізілді.


ЭБДҰ құрамына кіретін елдердің азаматтарының мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысуының әртүрлі өкілдік модельдері қарастырылып, соның ішінде біздің мемлекетке қолданысқа енгізуге тиімді модельді таңдап, нәтижесінде Қазақстанда «Азаматтық қазылар алқасы» моделін мемлекеттік мекемелерде қолданысқа енгізу үшін нақты тетіктер ұсынылды.

Талқылау

Қазақстанда мемлекеттік органдар мен азаматтар арасында сындарлы диалог орнату бойынша бірқатар шаралар қабылданған. Азаматтарды жеке қабылдау процестері ұйымдастырылды, азаматтық қоғам өкілдерін қатыстыра отырып есептер жүргізіледі, электрондық үкімет порталы іске қосылды, «Қазақстан Республикасында бейбіт шерулер ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа заң қабылданды, БАҚ-та, ресми сайттарда және әлеуметтік желілердегі аккаунттарда ақпараттар көптеп жариялануда. (сурет 2)

Алайда, қаншалықты шаралар қабылданғанмен, мемлекеттік мекемелердің қызметіне деген, халық тарапынан түскен сын-ескертпелер көбейіп, оның ішінде шешім қабылдау қиын болып табылатын өтініштер саны көбейе түсуде, бұл мемлекеттік мекемелер мен халық арасындағы өзара іс-қимылда проблема бар екендігін білдіреді.

Дегенмен қанша қиындықтар орын алғанмен, олқылықтарды шешу жолдарын анықтап, ары қарай жүрте міндеттіміз. Бұндай жағдайларды еңсерудегі қиындықтар барлық дамыған мемлекеттердің тәжірибесінде бар. Осы жоғарыда айтылған мәселелерді шешу негізінде Ақорданың сайты жұртшылықпен тиімді өзара іс-қимыл жасау мақсатында «Президенттің виртуалды қабылдау бөлмесі» іске қосылған болатын, онда бірқатар тапсырмалар мен бастамалар жүзеге асырылып келеді. Сондықтан мемлекет басшысының жаңа бағыты халықпен сындарлы диалог орнатуға және азаматтардың шешім қабылдау процесіне тартуға бағытталған саясатын дұрыс деп санаймыз.




Қазақстанның жаңа саяси жүйесі, мемлекеттік органдар мен халық арасындағы коммуникацияның қазіргі арналарын нығайта отырып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» жаңа нысанын құруға тырысуда.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдасын іске асырудың, яғни халықпен тиімді кері байланыс орнату жолдарының бірі ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы жүргізу болып отыр. Осы себепті нәтижелерді көру үшін арнайы құрылған порталдар мен платформаларға 2019-2021 жылдар аралығындағы келіп түскен сауалдарды зерттедік, нәтижесінде Президенттің Виртуалды қабылдау бөлмесінің «Қоғаммен кері байланыс» бағытындағы жұмыстардың нәтижесі осы сайтқа деген сұраныстың жыл санап артқандығын көрсетті (сурет 3). Бұл платформаға азаматтардан 2019 жылы 2401 өтініш пен сауалдара болса, 2020 жылы 5864, ал 2021 жылы саны 13255 артқан. Көріп отырғанымыздай Президенттің Виртуалды қабылдау бөлімі тарапынан жауап беру саны өте төмен, яғни 2019 жылы 2401 сауалдың 948 не, ал 2020 жылы 5864 сауалдың 2365 не, 2021 жылы 13255 сауалдың не бәрі 2566 на ғана портал мамандары тарапынан жауап қайтарылған. Бұл осы порталда жұмыс істейтін мамандардың жетіспеушілігін көрсетіп отыр. Өңделу барысында тұрған сауалдардың саны, яғни 2019 жылы 1453, 2020 жылы 3499 және 2021 жылы 10689 құрады, яғни бұл өтініштер мен сауалдарға әлі жауап берілмеген [12].

Азаматтардың «Президенттің Виртуалды қабылдау бөлмесіне» жолдаған сауалдары санының артуы, қоғамға мемлекеттік институттармен өзара іс-қимылдың көбірек арналарын ашуды жолға қою қажеттігін көрсетті. Сол себепті Мемлекет басшысы азаматтардың өтініші бойынша жұмысты қайта қарау және халықтың мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимыл арналарының тиімді жолын қалыптасытыру туралы шешім қабылдады.

Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі тарапына азаматтардың шағымдарын қарауды қадағалау» бөлімін құрды [13].



Сурет 3 - ҚР Президентінің 2019-2021 жылдардағы Виртуалды қабылдау бөліміне азаматтардың өтініштерінің түсу динамикасы негізінде авторлар құрастырған

2019 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен «Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі» құрылды, ол Мемлекет басшысының «Консультативтік орган құру туралы» шешімінің қабылдануына алып келді [14].

Ұлттық комитеттің негізгі қызметі, жұртшылық пен азаматтық қоғамның пікірін ескеру, негізгі стратегиялық мәселелерді қарау, бағдарламалар мен заңдар, заң жобаларын қайта қарау,

саяси партиялар, үкіметтік емес сектор және мемлекеттік мекемелер өкілдері арасындағы сындарлы диалогты қамтамасыз ету, ұлттық жобаларға қоғамдық шолулар жүргізу болып табылады.


Бұдан басқа 2020 жылғы 25 мамырда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында бейбіт шерулер ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңға қол қойды [15].

Қабылданған ережелер жаңа парламенттік мәдениетті қалыптастыруға, билік пен азаматтық қоғам арасындағы диалогты ұйымдастыруға және бейбіт шерудердің барлық қатысушылары арасындағы қатынастарды реттейді. Әсіресе:

- Саяси партиялардың құрылуына жағдай жасау және партиялық жүйенің тиімділігін арттыру;
- Азаматтардың қоғам өміріне қатысуын кеңейту;
- Әйелдер мен жастарды әлеуметтік-саяси процеске қатысуын ынталандыру.


2019-2021 жылдар арасындағы «Ашық диалог» порталындағы мемлекет басшысы агенттігінің блог-платформасына халық тарапынан келіп түскен өтініштерді талдау барысында, сауалдар мен өтініштер саны 2019 жылы 57024-ке жеткен, оның 56498-не мемлекеттік мекемелер тарапынан жауап берілген. Ал 2020 жылы 68721 өтініш түскен, оның 67765 не жауап қайтарылған. Ал 2021 жылы өтініштер саны күрт өскендігі байқалды, онда 85965 өтініш түссе, 79563 өтінішке жауап берілген. Бұл 2020-шы жылы Мемлекет басшысының халыққа жолдауында жарияланған «Тыңдау мәртебесі» бағыты бойынша, мемлекеттік мекемелер жұмысының тиімділігіне және мемлекеттік қызметтер көрсетуге айтарлықтай әсер еткендігін көрсетеді.

2019-2021 жылдардағы «Ашық диалог» порталындағы «Go manager» интернет-конференциялар блогындағы өтініштерді салыстырмалы талдау жасасақ «Денсаулық сақтау» санатындағы өтініштердің айтарлықтай өскенін көрсетті. Егер 2019 жылы бұл сан 598 өтінімді құраса, 2021 жылы ол екі есеге жуық өсіп, 1042-ге жетті. Бұл факт негізінен Covid-19 пандемиясымен байланысты болған. Ал бұл платформадағы «Сауалнамалар» бөліміне келсек, халық тарапынан сауалнамаларға қатысу белсенділігі төмен екендігін көрдік. 2019 жылы сауалнамаларға жауап берген адамдар саны 207 болса, 2020 жылы 298, 2021 жылы 301 ғана болған. Яғни бұл түрдегі қарым - қатынасты орнату түрі тиімсіз деп санасақ болады. Яғни сауалнама жүргізу платформасын басқа тиімді нұсқаға айналдыру керектігін көрдік (Сурет 4) [16].



Сурет 4 – 2019-2021 жылдар аралығындағы «Ашық диалог» порталының деректері негізінде авторлар құрастырған

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, блог-платформалардаға халық тарапына түскен сауалдар мен өтініштер санының тенденциясы ары қарай арта береді деген қорытынды жасауға болады, яғни бұл халықтың көптеген проблемалары, әр өңірде жергілікті деңгейде шешім табылуы керектігін және азаматтар оғын мәжбүр екендігін көрсетеді.



Сурет 5 - 2019-2021 жылдар аралығындағы «Ашық НҚА» порталының деректері негізінде авторлар құрастырған

2019-2021 жылдары аралығындағы «Ашық НҚА» порталында қабылданған заңдарға қатысты сауалдарды талдау нәтижесі келесідей көрсеткіштерді берді. 2019 жылы саны 16580 Қазақстанда қабылданған барлық заңдар мен заң жобалары, заңға енгізілген өзгерістер және заң аясындағы хабарламалар мен жаңалықтар енгізілген, оған 11820 пікірлер жазылған, оның 9568 не органдар тарапынан жауап қайтарылған. 2020 жылы 17236 ақпараттар енгізілген болса, азаматтардың қызу талқыларының саны 15680 құрады, оның 14121 не жауап қайтарылған, ал 2021 жылы 20321 заңға қатысты құжаттар енгізілсе, оған қатысты 49850 пікір жазылып, оның 42531-не мемлекеттік орган тарапынан жауап берілген. Бұнда заңға қатысты ақпараттарға деген халықтың қызығушылықтарының жыл санап өсіп келе жатқандығын байқадық. 2021 жылғы сауалдардың көп бөлігі «Экономика/экономикалық белсенділік» санаты бойынша заңдарға қатысты пікірлер көп түскен. Сонымен қатар, «Ауыл шаруашылығы» санатындағы пікірлер саны да айтарлықтай өскен. 2020 жылы порталдағы пікірлердің жалпы саны 15688 болса, олардың ішінде «Әлеуметтік камсыздандыру» санатындағы сауалдар саныда артқан. (Сурет 5) [17].

Нәтижелер

Талдауға сүйене отырып, мемлекет барлық қадамдар мен шараларды қабылдағанымен, әлде уәкілетті мекемелер мен азаматтардың өзара іс-қимылы арасында шешілуі тиіс мәселелер бар. Қаншалықты порталға келіп түскен сауалдарға қарамастар, билік өкілдері заңға өзгерістер енгізіп, заңды қабылдап жатқан жағдайлар орын алуда, яғни халық тарапынан түскен негативті сауалдар мен қарсылықтар қаралып, сәйкес шешімдер қабылданып жатқан жоқ. Бұл тек формальді түрде ғана портал жұмысы жүргізіліп жатыр деген ұғымды білдіреді. Осыған байланысты мемлекет пен халық

арасындағы байланыстың дұрыс құралын енгізіп, тиімді тетікті құрудың шұғыл қажеттілігі бар деген қорытындыға келдік.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ) құрамына кіретін елдер азаматтарының, мемлекеттің маңызы бар шешім қабылдау процесіне қатысуы үшін консультациялық өкілдік құру модельдеріне талдау жасап, соның ішінде Қазақстан үшін тиімді болып саналатын модельді ұсындық.

Осы уақытқа дейін, еліміздің тәжірибесінде, қоғаммен бірлесе отырып шешім қабылдау мәселелері бойынша іс-шаралар, ақпараттандыру және кеңес беру қызметтері арқылы жүзеге асырылып келді. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, азаматтардың қатысуының бұл нысандары минималды нәтиже көрсететінін атап өтті, өйткені олар ұлттық саясаттағы нақты өзгерістерге әкелмейді және қоғамның пікірлері мен тәжірибесін ескермейді деп санайды [18].


Төменде экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы (ЭЫДҰ) ұсынған келесідей дамыған мемлекеттердің азаматтары қатысатын консультациялық өкілдік құрудың әртүрлі модельдері берілген.

Кесте 1 – ЭЫДҰ ұсынған мәліметтер негізінде авторлар құрастырған.

ЭЫДҰ құрамына кіретін елдердің азаматтары қатысатын консультациялық өкілдік құру модельдерінің түрлері	
Азаматтық қазылар алқасы	1971 жылы АҚШ-та азаматтық қазылар алқасы Кросби үйі мен Джефферсон орталығында ашылды. Бұл ұйымның мақсаты - азаматтардың мемлекеттің саяси мәселелерін талқылауға қатысу процесін жүргізуге негізделген. Джефферсон орталығының азаматтық қазылар алқасы құрамы 25-тен 50-ге дейінгі халықпен жүргізілді және олар әдетте бір аптадай бірлесіп жұмыс істейді. Қазылар алқасы мен азаматтар тобын оқыту, талқылау және шешім қабылдау кезеңдерінен тұратын процесстерден өтеді. Жоспары нақты және әдістері қатаң азаматтық алқабилер белгілеген стандартты дизайнға сәйкес талаптар қайылады [19].
Азаматтық ассамблея	Бұл азаматтармен бірлескен, консультациялық өкілдік процестерінің ішіндегі ең сенімді және жақсы ойластырылған модельдің бірі болып саналады. Ол алғаш рет Канадада 2000 жылдардың басында, Британдық Колумбияда 2004 жылы және Онтариода 2006 жылы сайлау реформасы мәселелерін шешу үшін іске қосылған болатын. Азаматтардың алғашқы жиналысы Британдық Колумбия үшін платформа құру қажеттілігіне жауап ретінде ұйымдастырылды, онда саяси элиталар емес, қарапайым азаматтар жаңа сайлау жүйесінің дамуына үлес қоса алды. Мысалы, Ирландия азаматтарының Ассамблеясы 2010 жылдан 2018 жылға дейін көптеген жылдар бойы шешілмеген саяси және әлеуметтік мәселелер бойынша оқшылықтарды жою бойынша шешімдер қабылдап келген [20].
Консенсустық конференция	Консенсус жиналысы алғаш рет 1987 жылы Дания техникалық кеңесінің ұйымдастырылуымен өткізілді. Бұл 1960 жылдары АҚШ-та пайда болған технологияларды бағалау процесін жүргізуге негізделген. Консенсус кездесулерінің бірегейлігі мынада: техника саласының мамандары, алдын ала берілген уақыт ішінде көптеген эксперименттер мен сараптама жұмыстарын жүргізіп, 100% консенсусқа қол жеткізудің негізгі шарттарын көрсете отырып, өздерінің ұсыныстарын консенсусқа ұсынған. Нәтижесінде тиімді шешімдер қабылданған. Бүгінгі таңда бұл модель бүкіл әлемде жаңа технологияларға, денсаулық сақтау мен қоршаған ортаға қатысты саяси мәселелерді шешу үшін қаншама рет қолданылды [21].

Жоспарлау блогы	Бұл 1970 жылдары Германиядағы Вупперталь университетінің қызметкері Питер Даниэль әзірлеген талқылау процесінің репрезентативті моделі. Бұл жергілікті және аймақтық деңгейдегі мемлекеттік саясаттың әртүрлі мәселелерін шешу үшін пайдаланылды, көбінесе қала құрылысы мәселелерімен байланысты болған. Бұл модельдің ерекшелігі, бір-бірімен параллель жұмыс істейтін көптеген жоспарлау блоктарынан тұрады, кейде бір күрделі мәселенің әртүрлі элементтерін ескере отырып шешімдер қабылданған. Жоспарлау блогы Жапонияда да бейімделді, онда ол негізінен муниципалдық деңгейде қолданылып, азаматтық пікірталас конференциясы деп те аталды [22].
Азаматтық диалог	Азаматтармен диалог құру жүйесі онша атақты емес және әдетте кеңес беру процесі екі күнге ғана созылады. Олар бірнеше саяси мәселелерді жиі қарастырып, кездейсоқ таңдалған азаматтарды жинайды, қатысушылар саны 18-ден 499-ға дейін болуы мүмкін. Бұл жүйе негізінен саясаткерлерге егжей-тегжейлі ұсыныстар жасаудан гөрі, азаматтарды саясат мәселелері бойынша хабардар етуге және олардың жалпы ойлары мен реакцияларын анықтауға қолайлы. Әдетте, азаматтық диалог азаматтармен өзара әрекеттесудің кең стратегиясының бір бөлігі ғана болып табылады, оны кейде азаматтық саммиттер, консультативтік іс-шаралар, азаматтық форумдар және консультативтік семинарлар деп те атайды [23].
Кеңесу сауалнамалық алқа	Бұл қатысушылардың мәселелерді зерттеп, талқылағаннан кейін, азаматтардың саяси мәселелерге деген көзқарастарындағы болған өзгерістерді тіркеуге арналған процесс. 1988 жылы Джеймс Фишкин Стэнфорд университетінде консалтингтік кеңестер беру бойынша патент әзірлеп, өтініш берді және оны кеңесу сауалнамалық алқасына ұсынды. Қатысушылардың берген көзқарастарының нәтижесінде сапалы, әрі табысты консалтингтік компаниялардың ашылуына себеп болды. Бұл модель Бразилия, Қытай, Италия, Жапония, Оңтүстік Корея және Моңғолия сияқты елдерде саяси мәселелерді шешу үшін қолданылды [24].

Осы аталған консультативтік өкілдік құру модельдердің ішінен біз Қазақстан үшін тиімді «Азаматтық қазылар алқасы» деп санап, келесідей іс-шаралар арқылы енгізу процесін ұсынамыз.



Сурет 6- Азаматтық қазылар алқасы моделі. Ескерту: Авторлар құрастырған.

Азаматтық қазылар алқасының қызметін жаңдандыру үшін қоғамдық жиналыстар, сауалнамалар, қоғамдық талқылаулар және онлайн-конкурстар ұйымдастыруға және консультативтік комитеттер, қоғамдық кеңестер, фокус-топтарды кіргізуге болады.

Болашақта бұл Қазақстанда мемлекеттік институттар мен азаматтар арасындағы тиімді және нәтижелі өзара іс-қимылдың пәрменді тетігі бола алады деп айта аламыз.

Атап айтқанда, «Азаматтық қазылар алқасы» моделі біздің еліміз үшін маңыздылығы зор және бұл модельді жүзеге асыру кезінде халықтың әкімшілік-аумақтық бөлінуін, мәдени және психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ ықтимал тәуекелдерді ескере отырып енгізу қажет деген шешімді шығардық.

Қазақстан Республикасында «Азаматтық қазылар алқасы» моделін енгізу мен жүзеге асыру механизмдері төмендегідей процестерді қамтиды. Бұл модельді мемлекетімізде орталық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдарға енгізу үшін ұсынылады. Бұл механизмді енгізу орталық ұлттық және жергілікті атқарушы органдардың бюджеттеріне қосымша ауыртпалық түсірмейді, өйткені ұсынылған құрал қолданыстағы қоғамдық кеңестерге балама бола алады.

Төменде Қазақстан Республикасында «Азаматтық қазылар алқасы» моделін енгізу мен жүзеге асыру процесінің механизмдері сызбасы келтірілген (сурет 7).



Сурет 7 – «Азаматтық қазылар алқасы» моделін енгізу мен жүзеге асыру механизмдері
Ескерту: Авторлар құрастырған

Орталық ұлттық және жергілікті атқарушы агенттік, азаматтық қазылар алқасы туралы ережені әзірлейді, онда қазылар алқасының құрамы, тұрақты және тұрақты емес мүшелері

анықталады. «Тұрақты мүшелер» ұлттық мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері болып табылады. «Тұрақты емес мүшелер» деп белгілі бір саланың сарапшылары немесе кез келген жеке тұлға бола алады. Сонымен бірге, ұлттық институттар барлық тұрақты мүшелермен келісілген тұрақты емес мүшелерге қойылатын талаптарды белгілейді. Бұдан басқа, «Азаматтық қазылар алқасы туралы ереже» сайланған тұрақты мүшелердің, тұрақты емес мүшелердің, модераторлардың құрамын бекіту, жиналыстар өткізу, үйлестіру, дауыс беру және шешімдер қабылдау рәсімдерін көздеуі тиіс.

Қорытынды

Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа дәуіріне аяқ басты. Бұл дәуірде мемлекеттік саясаттың тетіктері мен басымдықтары қазіргі жағдайға тез бейімделіп, азаматтардың талап тілектері мен мүдделерін бірінші кезекке қойып отыр. Бұл жағдайда Үкімет тез әрекет етіп, дағдарыстық жағдайлардың алдын алып, сондай-ақ азаматтардың игілігі үшін жоғары сапалы кері байланысты жандандырып, олардың тілектеріне құлақ асуы, әрі дұрыс шешімдерді қабылдауы маңызды.

«Азаматтық қазылар алқасы» моделін пайдалану мемлекеттік институттар мен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтады, халықты азаматтық жауапкершілікті сезінуге үйретеді, сондай-ақ елдің мемлекеттік институттарға деген сенімін арттырады.

Жұртшылықты мемлекеттің маңызды шешім қабылдауға тарту мен қатыстыру жай нәрсе емес, ол мемлекеттік басқаруды жақсартуға және мемлекеттік саясаттың тиімдірек болуына ықпал жасайды. Ұсынылып отырған модель арқылы азаматтар күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу жолдарын түсіну қабілетіне ие болады және ұзақ уақытқа созылған келіспеушіліктер мен түсініспеушіліктер жойыла бастайды.

Жалпы, ұсынылған механизмдерді «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың құралдарының бірі ретінде пайдалануға болады. Ол сенім, ашықтық және тиімді принциптік қағидаттардан қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Сындалы қоғамдық диалог-тұрақтылық пен өркендеудің негізі. //Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. [Электронды ресурс].-URL: https://www.akorda.kz/ru/,addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta_tokaeva-narodu-kazahstana.
2. 2019 жылғы 15 шілдедегі Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кеңейтілген Үкімет отырысында сөйлеген сөзі//Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. [Электронды ресурс].- URL: https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-osudarstva-k-tokaeva-na-rasshirennom-zasedanii-pravitelstva.
3. Гегель Г.В. Құқық философиясы // Мәскеу «Ой» Баспасы.-1990. - 524 б.
4. Хантингтон С. Үшінші толқын: XX ғасырдың аяғындағы демократияландыру. //Мәскеу «РОССПАН» баспасы.- 2003. - 368 б.
5. Barber B., Peitman K., Bachrach P., McPherson K., J.Zimmerman. Experimenting with a Democratic Ideal: Deliberative Polling and Public opinion.- 2005. - 284-298 б.
6. Ревякин С.А. Шешім қабылдау процесіне қоғамдық қатысу тетіктері // Ресей Федерациясындағы Стратегиялық жоспарлау басқармасы.- 2017.-8 б.
7. Медеуов Ж.К., Құдайбергенов Р.А., Қаппаров К.Н. Қазақстан Республикасының

- коммуникативті саясаты: қазіргі жағдайы мен даму болашағы // Астана: Еуразиялық интеграция институты.- 2017. - 348 б.
7. Әйтенова Ш. Жергілікті деңгейде, жұртшылықты шешім қабылдауға қатысуға тарту.- 2015. – 51 б.
 8. Бақатова Ж. Е. Жұртшылықтың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы қазіргі заманғы мемлекеттік басқару принципі ретінде.- 2018. - 37-42 б. [Электронды ресурс].- URL: <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/146123/90/446/18180/2020/1>.
 9. Оспан Е. Делиберативті демократия мемлекеттер тұжырымдамасының негізі ретінде.- 2020. - 11-16 б.
 10. Жұртшылықтың қатысу тәжірибесін насихаттайтын халықаралық ұйым IAP2. [Электронды ресурс].- URL: <https://www.iap2.org/page/pillars>.
 11. Қазақстан Республикасы Президентінің Виртуалды қабылдау бөлмесі. [Электронды ресурс].- URL: https://www.akorda.kz/kz/republic_of_kazakhstan/akorda
 12. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жанындағы азаматтардың шағымдарын қарауды қадағалау бөлімі. [Электронды ресурс].-URL: https://www.akorda.kz/kz/republic_of_kazakhstan/akorda
 13. 2019 жылы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесі туралы ереже. [Электронды ресурс].-URL: https://www.akorda.kz/ru/legal_acts/decrees/ob-utverzhdenii-polozheniya-i-sostava-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya-pri-prezidente-respubliki-kazahstan.
 14. 25.05.2020 жылғы Қазақстан Республикасында бейбіт шерулер ұйымдастыру және өткізу туралы қабылдаған №333-VI Заңы. -[Электронды ресурс].-URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002126>.
 15. Ашық диалог блог-платформасы. [Электронды ресурс].-URL: <https://dialog.egov.kz/analyticscontroller/index>.
 16. Ашық НҚА жобалары бойынша түсініктемелер. [Электронды ресурс].- URL:<https://legalacts.egov.kz/application/infographics>.
 17. Political activity audit report // The 2019th Report-Hansard Society.- 2019. [Электронды ресурс].- URL: <https://www.hansardsociety.org.uk/publications/reports/audit-of-political-engagement-16>.
 18. Jefferson Center. // Citizen’s Jury Handbook.-2004. [Электронды ресурс].- URL:http://www.rachel.org/filedocument/Citizens_Jury_Handbook.pdf.
 19. The citizen’s assembly. - 2022. [Электронды ресурс].- URL: <https://www.ie/en/what-we-do/what-we-do>.
 20. Tracking Danish-Style // Citizen-Based Deliberative Consensus Conferences Worldwide. - 2022. [Электронды ресурс].- URL: <http://www.loka.org/TrackingConsensus.html>.
 21. City of Melbourne People’s Panel. - 2014. [Электронды ресурс].- URL: <https://www.newdemocracy.com.au/2014/08/05/city-of-melbourne-people-s-panel/>.
 22. Citizen dialogues on Canada’s energy future. - 2022. [Электронды ресурс].- URL: <https://canadaenergyfuture.ca/citizen-dialogues/>.
 23. Models of representative deliberative processes. - 2020. [Электронды ресурс].- URL: https://www.oecd-ilibrary.org/sites/339306daen/1/3/2/index.html?itemId=/content/publication/339306daen&_csp=07698b7c924c319dbb92a6500bf563da&itemIGO=oecd&itemContentType=book#.

С.С. Ыдырыс, Д.О. Тубекова

Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

Приоритеты государственной политики по формированию концепции «Слышащего государства»

Аннотация. В условиях, растущих в обществе сложных социальных запросов и новых глобальных вызовов, главной политикой модернизации системы государственного управления является привлечение активистов гражданского общества к государственному управлению. Потому что без него, то есть без поддержки существующих новых механизмов общественного контроля, мы не сможем сформировать эффективные механизмы в принятии решений и совершенствовании исполнительных функций государства. Это важный вопрос в развитии любого государства, решение которого должно быть быстрым. По этой причине целью статьи является активизация концепции «Слышащего государства», поскольку этот процесс положительно влияет на формулировку основных направлений и рекомендаций по реализации национальной политики.

Особое внимание в качестве новизны исследования было уделено укреплению связей между современным гражданским обществом и государством. Поэтому большое значение в обществе уделяется изучению и анализу современных тенденций и закономерностей партнерства государства и граждан.

В качестве методов исследования был проведен статистический метод и анализ обработки данных с использованием данных, поступивших на портал «Открытое правительство» и «Виртуальную приемную президента». Также было проведено сравнительное исследование и проведен динамический анализ экономики. Кроме того, анализируя мировой опыт, было предложено эффективное использование модели «Гражданского жюри» как эффективного механизма партнерства государственных институтов и граждан.

Ключевые слова: открытое правительство, гражданское жюри, слышащее государство, конструктивный диалог, стратегическое планирование, демократическое государство, повышение политической активности.

S.S. Ydyryss, D.O. Tubekova

K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish university, Turkestan, Kazakhstan

Priorities of the state policy on the formation of concept «Listening State»

Abstract. In the conditions of complex social demands growing in society and new global challenges, the main policy of modernization of the public administration system is to involve civil society activists in public administration. Because, without the support of existing new mechanisms of public control, we will not be able to form effective mechanisms in decision-making and improving the executive functions of the state. This is an important issue in the development of any state, the solution of which should be quick.

For this reason, the purpose of the article is to activate the concept of a "Listening state", this process has a positive effect on the formulation of the main directions and recommendations for the implementation of national policy.

Special attention as a novelty of the research was paid to strengthening the ties between modern civil society and the state. Therefore, great importance in society is given to the study and analysis of current trends and patterns of partnership between the state and citizens.

As research methods, a statistical method and analysis of data processing were carried out using data received on the «Open Government portal» and the «Virtual Reception of the President». A comparative study was also conducted and a dynamic examination of the economy was carried out.

In addition, analyzing the world experience, the effective use of the "Civil jury" model as an effective mechanism of partnership between state institutions and citizens as a core value was proposed.

Keywords: open government, civil jury, hearing state, constructive dialogue, strategic planning, democratic state, increased political activity.

References

1. 2019 zhylygy 2 kyrkujektegi Memleket Basshysy Kasym-ZHOMart Tokaevtyn Kazakstan halkyna ZHOldaуy. Syndarly kogamdyk dialog-turaktylyk pen orkendeudin negizi. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty. [Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan dated September 2, 2019. Constructive public dialogue is the basis of stability and prosperity]. [Electronic resource] - Available at: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta_tokaeva-narodu-kazahstana.
2. 2019 zhylygy 15 shildedegi Memleket Basshysy Kasym-ZHOMart Tokaevtyn kenejtilgen Ukimet otryrysynda sojlegen sozi. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin resmi sajty. [Speech of the head of State Kassym-Jomart Tokayev at the enlarged Government Meeting on July 15 2019]. [Electronic resource] - Available at: https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy_osudarstva-k-tokaeva-na-rasshirenom-zasedanii-pravitelstva.
3. Gegel' G.V. Kukyк filosofiyasy. [Philosophy of law]. (Maskeu «Oj» Baspasy.-1990. - 524 b)
4. Hantington S. Ushinshi tolкyn: XX gasyrdyn ayagyndagy demokratiyalandyru. [The third wave: democratization at the end of the twentieth century]. (Maskeu «ROSSPAN» baspasy.- 2003. - 368 b)
5. Barber B., Peitman K., Bachrach P., McPherson K., J.Zimmerman. Experimenting with a Democratic Ideal: Deliberative Polling and Public opinion.- 2005. - 284-298 p.
6. Revyakin S.A. SHeshim kabyldau procesine kogamdyk katysu tetikteri [Mechanisms of public participation in the decision-making process]. (Resej Federaciyasyndagy Strategiyalyk zhosparlau baskarmasy.- 2017.-8 b)
7. Medeuov ZH.K., Kudajbergenov R.A., Kapparov K.N. Kazakstan Respublikasynyn kommunikativti sayasaty: kazirgi zhagdajy men damu bolashagy [Communicative policy of the Republic of Kazakhstan: current state and development prospects]. (Astana: Euraziyalyk integraciya instituty.- 2017. - 348 b)
8. Ajtenova SH. ZHergilikti dengejde, zhurtshylykty sheshim kabyldauga katysuga tartu. [Involving the public in decision-making process at the local level]. (2015. - 51 b)
9. Bakatova ZH. E. ZHurtshylykтын baskaru sheshimderin kabyldauga katysuy kazirgi zamangy memlekettik baskaru principini retinde. [Public participation in making management decisions as a principle of modern public administration]. (2018. - 37-42 b). [Electronic resource] - Available at: <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/146123/90/446/18180/2020/1>.
10. Ospan E. Deliberativti demokratiya memleketter tuzhyrymdamasynyn negizini retinde. [Deliberative democracy as the basis of the concept of states]. (2020. - 11-16 b)
11. ZHurtshylykтын katysu tazhiribesin nasihathtajтын halykaralyk ujym IAP2. [International organization promoting public participation practices IAP2]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.iap2.org/page/pillars>.
12. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Virtualdy kabyldau bolmesi. [Virtual reception of the president of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: https://www.akorda.kz/kz/republic_of_kazakhstan/akorda
Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Akimshiligi zhanyndagy azamattardyn shagymdaryn karau dy kadagalau bolimi. [Department for supervision of consideration of complaints of citizens under the

13. administration of the president of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: https://www.akorda.kz/kz/republic_of_kazakhstan/akorda
14. 2019 zhyly 17 shildedegi Kazakstan Respublikasy Prezidenti zhanyndagy ulttyk kogamdyk senim kenesi turaly erezhe. [Regulation on the National Council of public trust under the president of the Republic of Kazakhstan dated July 17. 2019]. [Electronic resource] - Available at: https://www.akorda.kz/ru/legal_acts/decrees/ob-utverzhdennii-polozheniya-i-sostava-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya-pri-prezidente-respubliki-kazahstan.
15. Kazakstan Respublikasynda bejbit sheruler ujymdastyru zhane otkizu turaly № 333-VI Zany. [Law №. 333-VI on the organization and conduct of peaceful demonstrations in the Republic of Kazakhstan] (25.05.2020). [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002126>.
16. Ashyk dialog blog-platfomasy. [Open dialogue blog platform]. [Electronic resource] - Available at: <https://dialog.egov.kz/analyticscontroller/index>.
17. Ashyk NKA zhobalary bojnsha tusiniktemeler. [Comments on open NPA projects]. [Electronic resource] - Available at: <https://legalacts.egov.kz/application/infographics>.
18. Political activity audit report. The 2019th Report-Hansard Society.- 2019. [Electronic resource] - Available at: <https://www.hansardsociety.org.uk/publications/reports/audit-of-political-engagement-16>.
19. Jefferson Center. Citizen's Jury Handbook.-2004. [Electronic resource] - Available at: http://www.rachel.org/filedocument/Citizens_Jury_Handbook.pdf.
20. The citizen's assembly.- 2022. [Electronic resource] - Available at: <https://www.ie/en/what-we-do/what-we-do>.
21. Tracking Danish-Style. Citizen-Based Deliberative Consensus Conferences Worldwide.-2022. [Electronic resource] - Available at: <http://www.loka.org/TrackingConsensus.html>.
22. City of Melbourne People's Panel.- 2014. [Electronic resource] - Available at: <https://www.newdemocracy.com.au/2014/08/05/city-of-melbourne-people-s-panel/>.
23. Citizen dialogues on Canada's energy future.-2022. [Electronic resource] - Available at: <https://canadaenergyfuture.ca/citizen-dialogues/>.
24. Models of representative deliberative processes.-2020. [Electronic resource]. - Available at: https://www.oecd-ilibrary.org/sites/339306daen/1/3/2/index.html?itemId=/content/publication/339306daen&_csp=07698b7c924c319dbb92a6500bf563da&itemIGO=oeecd&itemContentType=book#.

Авторлар туралы мәлімет:

Бдырыс С. - доктор экономических наук, профессор кафедры «Государственное управление и международные отношения», Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави, Туркестан, Казахстан.

Тубекова Д. – докторант кафедры «Государственное управление и международные отношения», Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави, Туркестан, Казахстан.

Үдырыс С. - Doctor of Economics, Professor of the Department of «Public Administration and International Relations», International Kazakh-Turkish university named after K.A.Yassawi, Turkestan, Kazakhstan

Tubekova D - doctoral student Department of «Public Administration and International Relations», International Kazakh-Turkish university named after K.A.Yassawi, Turkestan, Kazakhstan.